

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы
Терапия бакалавриат кафедрасы

Презентация

Тақырыбы: Вирусты гепатиттер және бауыр циррозының
алдын алу.

Орындаған: Әміркүл А.Б

Тобы:406 ҚДС

Қабылдаған: Қауызбай Ж.Ә

Шымкент 2016ж

Жоспар

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1. Вирусты гепатиттің түрлері және алдын алу.
2. Бауырдың беріштенуі және алдын алу.

III. Қорытынды

IV. Пайдаланған әдебиеттер


Кіріспе

Вирустық гепатиттер — бұл адам өміріне қауіпті кең таралған аурулар тобы, олар өзара бір-бірінен ажыратылады, әртүрлі вирустардың салдарынан туындайды, бірақ аталған аурудың бір ұқсастығы бар — ол бұл аурудың, ең алдымен, адамның бауырын зақымдап, оның қабынуына алып келеді. Сондықтан вирустық гепатиттер «сары ауру» деген бір ғана атаумен аталады.

Гепатит (a, b, c, d), бауырдың қабынуы сары аурудың, қызылшаның, гепестің, СПИД-тің және кейбір басқа аурулардың белгісі ретінде мүмкін. Сондай-ақ улы гепатит бар, ол бауырдық алкогольизм кезінде зақымдануы.

Вирусты гепатиттер – бұл клетка ішілік өте ұсақ паразиттер – вирустармен шақыралатын, бауырдың жұқпалы аурулар тобы. Қазіргі таңда мына вирусты гепатиттер – А, В, С, Д және Е толық зерттелген. Осылардың ішінде ең қауіптісі парентеральды жолмен берілетіні – гепатит С.

Вирустық гепатит - ішек-қарын жолдары мен бауырдың бір ядролы макрофагтар жүйесін басым бүлдіретін және организмнің уыттануымен, жиі дененің сарғыштануымен көрінетін жіті жұқпалы инфекциялық ауру.



Вирусты гепатиттер



```
graph TD; A[Вирусты гепатиттер] --> B[Энтеральді]; A --> C[Парентеральді]; B --> D[вирусты гепатит А және Е]; C --> E[вирусты гепатит В, С, Д];
```

The diagram is a hierarchical flowchart. At the top is a light blue rounded rectangle containing the text 'Вирусты гепатиттер'. Two blue arrows point downwards from this box to two teal rounded rectangles: 'Энтеральді' on the left and 'Парентеральді' on the right. From the 'Энтеральді' box, a vertical line descends and then turns left to connect to a light blue rounded rectangle containing 'вирусты гепатит А және Е'. Similarly, from the 'Парентеральді' box, a vertical line descends and then turns left to connect to a light blue rounded rectangle containing 'вирусты гепатит В, С, Д'.

Энтеральді

вирусты гепатит А
және Е


Парентеральді

вирусты гепатит В,
С, Д

А вирустық гепатит

А вирустық гепатит - эпидемиялық гепатит фекальді және оральді механизммен жұғатын, интоксикация және холестаз көріністерімен өтетін, бауыр зақымдану синдромымен сипатталатын жедел вирусты жұқпа.

А вирустық гепатит ең көп тараған жұқпалардың бірі. А вирустық гепатитімен ең әуелі, мектепке дейін жастағы балалар ауырады. Қол жумай жемістерді, нан мен майды жеу, ойыншықпен ойнап, саусағын ауызға салу салдарынан жұқпаға душар болады.




А вирустық гепатиттің алдын алу

А вирустық гепатитті алдын алудың ең оңтайлы түрі- «хош иісті сабын мен биязы сүлгі» екені ұмытпағайсыздар. Балаларыңыз тамақтанудың алдында қолын сабынмен жуып отыруын қадағалаңыз. Сондай-ақ көкөніс пен жемісті мұқият жуылып, желінсін. Балаңыз балабақшада біреудің түбегіне отырмауы жөнінде нұсқап, ақыл айтыңыз. Отбасыңызда біреу гепатитпен ауырып қалса, киімдерді, ойыншықтарды, ыдыс-аяқты хлораминмен өңдеп, жуыңыз.



Е вирустық гепатит.

Е вирустық гепатит жұғу тәсілі бойынша А вирустық гепатитке жақын. Ал, Е вирустық гепатит, бөлек бір ауру екенін, 80-жылдары- М.С.Балаян дәлелдеді. Статистикалық мәлімет бойынша Е вирустық гепатитке шалдыққандардың көбі ер адамдар. Е вирустық гепатит жүкті әйелдер үшін өте қауіпті.




Е вирустық гепатиттің алдын алу.

Орта Азия мен Қазақстанда Е вирустық гепатитті алдын алу үшін, тек қайнаған суды ішу қажет. Өйткені ыстық судағы Е вирустық гепатитінің жұқпалары өліп, жойылады. Эпидемия немесе Е вирустық гепатиті тіркелген жерінен аулақ жүргеніңіз жөн. Егер симптомдар байқалса, дереу дәрігерге қаралу қажет. Ауруханаға жатудан бас тартпаңыз. Е вирустық гепатитінің жұқпалары үшін Оңтүстік-шығыс Азия (Үндістан, Бирма, Қытай), Африка, Орталық Америка ең қолайлы мекен.

Вирусты гепатит В

В вирусты гепатиті ([ағылш.](#) *Hepatitis B virus, HBV*) — ВГВ вирусымен шақырылатын бауыр зақымы себебінен, сарғаюымен және зат алмасу процесінің бұзылуымен өтетін, өзінен кейін жиі созылмалы гепатитке және бауыр цирррозына әкеліп соғатын инфекциялық ауру.

Гепатовирустың тобына жатады. Оның геномы 2 жіпшелік ДНК молекуласынан қалыптасады. Ішкі – сыртқы қабыршақтармен қосылған сыртқы ортаға өте төзімді. Кәдімгі бөлме температурасында 3 ай бойы сақталады. Тоңазытқышта 6 ай, қатырылған түрде 15-20 жыл бойы.




В вирустық гепатиттің алдын алу

Иммунизация – ең тиімді профилактикалық әдіс. 1982 жылы биологиялық препараттар қатарына ВГВ-ге қарсы коммерциялық вакцинаның пайда болуы бұл инфекциямен тиімді күресудің мүмкіншілігін туғызады. Қазақстан Республикасында ВГВ-ға қарсы вакцина салу ұлттық егудің календарлық жоспарлану 1992 жылы енгізілді. ВГВ-ға қарсы вакцинация салынады.

1. жаңа туған нәрестелерге;
2. қанмен жұмыс істейтін медициналық жұмыскерлерге;
3. қан реципиенттерге (гемодиализ, гематология, бүйрек ауыстыру орталығында);
4. медициналық жоғарғы орталықтарында, студенттерге.

Вирусты гепатит С

Гепатит С вирусы (ВГС) – флавивирустар тұқымдастығының мүшесі. Вирусты гепатит С тек қана адамдарда ауру шақырады. Созылмалы гепатит С – бұл бауырдың жайылмалы ауруы, ол 6 ай және одан да көп уақытқа созылады және оның себебі гепатит С вирусы болып табылады.



«С» вирусты гепатиттің алдын алу

1. медициналық мекемелерге және косметологиялық қызметке жүгінген кезде сақтау мерзімі өтпеген, герметикалық орамадағы, бір рет қолданатын медициналық және косметологиялық құралдардың қолданылуына, медициналық персоналдың міндетті түрде резеңке қолғапты пайдаланып, қолдарының залаласыздандырылуына;

2. жеке бас гигиенасын сақтауға арналған заттарды жеке пайдаланып, оның талаптарын қатаң сақтауға;

3. кездейсоқ жыныстық қатынастардан сақ болуға;


4. жыныстық қатынасқа түскен кезде контрацептивтік заттарды пайдалануға;

5. нашақорлар арасында ижелер мен шприцтерді жеке пайдалануға;

Вирусты гепатит Д

Вирусты гепатит Д (ВГД) – РНК-геномды дельтавирустармен шақырылатын, парентральды жолмен тарайтын, бауырды зақымдайтын, көбінесе қолайсыз аяқталатын жедел немесе созылмалы вирусты инфекция.

Ауру көзі-ауру адам немесе тасымалдаушы. Ауруға бейім топтары: гемофимиямен ауыратындар, [қанмен](#) жұмыс істейтін [медицина](#) қызметкерлері, [нашақорлар](#) саналады. Ауырғаннан кейінгі иммунитет тұрақты, ұзақ иммунитет қалыптасады.



«Д» вирусты гепатиттің алдын алу

қанмен жұмыс істейтін
медициналық
жұмыскерлерге вакцина салу


парентральды тарау
жолдарына қарсы
профилактикалық шаралар

В гепатитке қарсы
жасалатын вакцина.

Бауырдың беріштенуі

Бауырдың беріштенуі (циррозы) – диффузды гепатоциттер көлемі азаюымен, фиброздық өзгерістермен, бауырдың қалыпты құрылымынын өзгеруімен, регенерациялық түйіндер пайда болып, одан әрі бауыр жетіспеушілігі және порталды гипертензияға соқтыратын созылмалы полиэтиологиялық бауыр сырқаты.

Қалыпты жағдайдағы
бауыр



Бауырдың беріштенуі



Бауырдын беріштенуіне алып келетін және жиі кездесетін себептер:




Созылмалы вирусты гепатит (30-40 пайыз жағдайда);

Алькогольді гепатит (40-80 пайыз жағдайда);



Цирроз кезінде бауырда орын алатын морфологиялық өзгерістер:

Бауыр бөліктері құрылымы бұзылып, бауыр паренхимасы мен жасушалары өзгеріп, түйіндер және порталды гипертензия пайда болып, бауыр көлемі алкогольді цирроз бен гемохроматоз жағдайында ұлғаяды, кейінірек шеміршектеніп, көлемі кішірейеді.



Бауыр беріштенуінің алдын алу шаралары:

Вирусты
гепатиттің
жұғуына жол
бермеу;

Алкоголь
пайдаланудан
бас тарту;

Бауырға зиянды
дәрілерден
сақтану;

Тағамды өт қуу
мақсатында
күніне 5-6 рет
ішу;

Күнделікті
үлкен дәрет
жүруін
қадағалау;

Бауыр
беріштенуінің
емі тек
дәрігердің
бақылауымен
жүргізіледі.

Қорытынды

Қорытындылай келе, вирусты гепатит әлеуметтік аурулардың бірі болып табылады. Вирусты гепатиттер – бұл клетка ішілік өте ұсақ паразиттер – вирустармен шақыралатын, бауырдың жұқпалы аурулар тобы. Вирусты гепатиттің алдын алмасак, бауыр циррозына айналуы мүмкін, сол үшін уақытылы екпе дәрілерді алып, жеке бас гигиенасын сақтауымыз керек.

Бауырдың беріштенуі (циррозы) – диффузды гепатоциттер көлемі азаюымен, фиброздық өзгерістермен, бауырдың қалыпты құрылымының өзгеруімен, регенерациялық түйіндер пайда болып, одан әрі бауыр жетіспеушілігі және порталды гипертензияға соқтыратын созылмалы полиэтиологиялық бауыр сырқаты. Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздейік.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. http://cozyhomestead.ru/Bolezni_31772.html
2. <http://www.gdib.kz/en/2011-03-24-14-47-25/135-2013-10-28-14-19-05.html>
3. http://www.balkhashlib.kz/kk/resurs_16/id/3589
4. <http://ypeerastana.kz/directory/109-2011-12-19-23-03-09>
5. http://omirbaev.skom.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=38:q-q&catid=1:2012-08-03-10-09-30&Itemid=5&lang=kz